

Акжан Рысбаевна Мырзатаева^{1*}, Қаныш Тілеужанұлы Бибекөв², Ерол Алған³^{1*}докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан, Астана қ.,
ORCID: 0009-0009-4623-9934 E-mail: akzhanrisbai@gmail.com²филология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Қазақстан, Астана қ., ORCID: 0000-0003-2850-9637 E-mail: bibekov_kt@enu.kz³магистрант, Оксфорд университеті, Ұлыбритания, Оксфорд қ.,
ORCID: 0009-0007-1492-5767 E-mail: ealghan@americancouncils.org.**ҚАЗАҚ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНДЕГІ «АҚЫЛДЫ» ЖӘНЕ «АҚЫМАҚ» КОНЦЕПТІЛЕРІ:
МӘДЕНИ КОД ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒАЛАУ**

Андатпа. Мақалада отандық және шетелдік ғылымдағы «ақылды» және «ақымақ» ұғымдарының зерттелуіне шолу жасай отырып, осы концептілердің қазақ мәдениетіндегі сипаты, тілдегі көрінісі зерттелген. Бұл зерттеуде қазақ тілінің мәдени коды – мақал-мәтелдерді лингвомәдени және әлеуметтік аспектіде қарастыру арқылы қазақ мәдени қоғамындағы «ақылды» мен «ақымақ» шендестігінің байланысы мен мағыналық құрылымдық өзгерістерін көрсету мақсаты қойылды. Осы мақсатқа орай жұмыстың негізгі материалы ретінде мақал-мәтелдер алынды. Мақал-мәтелдер әрбір этностың әлемге көзқарасын, ақыл-парасат пен ақымақтыққа қатысты ұстанымдарын айқын көрсетеді. Зерттеудің өзектілігі де – осында. Сондықтан қазақ халқының дүниетанымында маңызды орын алатын «ақылды» және «ақымақ» концептілерін осы паремиологиялық қор арқылы талдау – тіл мен мәдениет байланысын, когнитивтік құрылымдарды танудың тиімді жолы. Зерттеу жұмысында ғылыми материалдарға сүйене отырып, қазақ тіліндегі мақал-мәтелдерді ақылды-ақымақ шендестігі тұрғысынан салыстыру, талдау, сондай-ақ лингвомәдени талдау әдістері қолданылды. Соның ішінде сөздердің бағалауыштық мәні салыстырылып, семантикалық өрісі анықталды. Зерттеу нәтижелері кесте түрінде беріліп, қазақ мақал-мәтелдеріндегі «ақылды» концептісінің негізгі белгілері көрсетілді. Сол арқылы «ақымақ» ұғымын білдіретін қолданыстардың лингвомәдени сипаты ашылды. Зерттеу нәтижесінде мақал-мәтелдердің тек тұрақты тілдік бірліктер ғана емес, сонымен бірге интерпретациялық өзгерістерге ұшырайтын мәдениеттің динамикалық элементтері ретінде қызмет ететіні жөніндегі тұжырым ғылыми тұрғыдан негізделді.

Түйін сөздер: лингвоконцептология; «ақылды» концептісі; «ақымақ» концептісі; қазақ мақал-мәтелдері; қазақ дүниетанымы.

Сілтеме жасау үшін: Мырзатаева А.Р., Бибекөв Қ.Т., Алған Е. Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «ақылды» және «ақымақ» концептілері: мәдени код және әлеуметтік бағалау. *Tiltany*, 2026. №2 (102). 146-159-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-146-159>

Акжан Рысбаевна Мырзатаева^{1*}, Қаныш Тлеужанұлы Бибекөв², Ерол Алған³^{1*}докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,
Казахстан, г. Астана, ORCID: 0009-0009-4623-9934 E-mail: akzhanrisbai@gmail.com²кандидат филологических наук, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва,
Казахстан, г. Астана, ORCID: 0000-0003-2850-9637 E-mail: bibekov_kt@enu.kz³магистрант, Оксфордский университет, Великобритания, г. Оксфорд,
ORCID: 0009-0007-1492-5767 E-mail: ealghan@americancouncils.org.**КОНЦЕПТЫ «УМНЫЙ» И «ГЛУПЫЙ» В КАЗАХСКИХ ПОСЛОВИЦАХ И
ПОВОРОКАХ: КУЛЬТУРНЫЙ КОД И СОЦИАЛЬНАЯ ОЦЕНКА**

Аннотация. В статье, опираясь на достижения отечественной и зарубежной научной мысли, представлен обзор исследований концептов «умный» и «глупый», а также проанализированы их репрезентации в казахской культуре и языке. Цель исследования заключается в выявлении взаимосвязи и семантико-структурной динамики оппозиции «умный – глупый» в казахском социокультурном пространстве посредством рассмотрения паремиологического фонда – пословиц и поговорок – в лингвокультурном и социальном аспектах. В качестве основного эмпирического материала использованы пословицы и поговорки, поскольку именно паремии репрезентируют этнокультурное мировосприятие, а также ценностные установки, связанные с категорией разума и глупости. Этим обусловлена и актуальность данного исследования. Анализ концептов «умный» и «глупый», занимающих значимое место в казахской языковой картине мира, через призму паремиологического фонда, позволяет выявить глубинные связи между языком и культурой, а также реконструировать соответствующие когнитивные структуры. В работе на основе привлечения научных источников осуществлены методы

сопоставительного и семантического анализа, а также лингвокультурного интерпретирования паремий, отражающих оппозицию «умный – глупый». Особое внимание уделено сопоставлению оценочных значений языковых единиц и раскрытию их семантических полей. Полученные результаты систематизированы в табличной форме, где представлены ключевые признаки концепта «умный» в казахских пословицах. На этой основе выявлены лингвокультурные особенности языковых репрезентаций, связанных с концептом «глупый». В результате исследования обоснован вывод о том, что пословицы и поговорки функционируют не только как устойчивые языковые единицы, но и как динамичные элементы культуры, подверженные интерпретационным трансформациям.

Ключевые слова: лингвоконцептология; концепт «умный»; концепт «глупый»; казахские пословицы и поговорки; казахское мировоззрение.

Для цитирования: Мырзатаева А.Р., Бибек К.Т., Алган Е. Концепты «умный» и «глупый» в казахских пословицах и поговорках: культурный код и социальная оценка. *Tiltany*, 2026. №2 (102). С. 146-159. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-146-159>

Akzhan Myrzatayeva^{1*}, Kanysh Bibekov², Erol Algan³

^{1*}Doctoral Student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana,
ORCID: 0009-0009-4623-9934 E-mail: akzhanrisbai@gmail.com

²Candidate of Philological Sciences, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Kazakhstan, Astana,
ORCID: 0000-0003-2850-9637 E-mail: bibekov_kt@enu.kz

³Master's Student, Oxford University, Great Britain, Oxford,
ORCID: 0009-0007-1492-5767 E-mail: ealgan@americancouncils.org.

THE CONCEPTS OF “WISE” AND “FOOLISH” IN KAZAKH PROVERBS: CULTURAL CODE AND SOCIAL EVALUATION

Abstract. The article provides a critical overview of the concepts of “wise” and “foolish” as examined in both domestic and international scholarship, and analyzes their representation within Kazakh culture and language. The primary objective of the study is to identify the interrelation and semantic-structural dynamics of the “wise – foolish” opposition in the Kazakh sociocultural context through a linguocultural and social analysis of the paremiological corpus, specifically proverbs and sayings. Proverbs and sayings constitute the principal empirical material of the study, as they encapsulate the worldview of an ethnos and reflect its evaluative attitudes toward intelligence and foolishness. This accounts for the relevance of the research. The examination of the concepts “wise” and “foolish,” which occupy a significant place in the Kazakh linguistic worldview, through the paremiological corpus enables a deeper understanding of the interaction between language and culture, as well as the reconstruction of underlying cognitive structures. Drawing on relevant scholarly sources, the study employs comparative, semantic, and linguocultural methods to analyze Kazakh proverbs associated with the “wise – foolish” opposition. Particular attention is paid to the evaluative meanings of lexical units and the delineation of their semantic fields. The findings are systematized in tabular form, highlighting the core features of the “wise” concept as represented in Kazakh proverbs. On this basis, the linguocultural characteristics of expressions associated with the concept of “foolishness” are further elucidated. The study concludes that proverbs and sayings should be regarded not merely as fixed linguistic units, but as culturally dynamic elements subject to ongoing interpretative transformations.

Keywords: linguoconceptology; the concept of “wise”; the concept of “foolish”; Kazakh proverbs and sayings; Kazakh worldview.

For citation: Myrzatayeva, A., Bibekov, K., Algan, E. The Concepts of “Wise” and “Foolish” in Kazakh Proverbs: Cultural Code and Social Evaluation. *Tiltany*, 2026. No.2 (102). Pp. 146-159. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2026-2-146-159>

Кіріспе

Халықтың тілі мен дүниетанымы, мәдениеті арасындағы байланыс когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану салаларында негізгі зерттеу нысандарына айналды. Халықтық тілдік мұра – әсіресе мақал-мәтелдер – ұлттың тұрмыс-тіршілігін, наным-сенімін, ойлау жүйесін және құндылықтарын шоғырландырған қазына ретінде когнитивтік лингвистика мен лингвомәдениеттану бағытындағы зерттеулерге концептілерді зерделеуге баға жетпес материал береді. Бұл мақалада «ақылды» және «ақымақ» концептілерінің практикалық бөлімде аталған екі концептінің семантикалық өрісі, сипаттамалық белгілері, ұлттық мәдени бағалауы және дүниетанымдық рөлі қазақ мақал-мәтелдері негізінде қарастырылады.

Тілдің қасиеті, сөз күдіреті жөніндегі халықтың өмірден түйген ойларын, тіл туралы мақал-мәтел, фразеологиялық сөз орамдарын т.б. метатілдік рефлексия деуге болады. Әсіресе мақал-мәтелдердегі терең пайымдаулардан сөз мәдениетінің қоғамдық-әлеуметтік тіршілікпен байланысты екені айқын аңғарылады (Уәли, 2021: 8)

Бүгінгі таңда мақал-мәтелдердің қолданыс ерекшелігі және олардың мағыналық құрылымының динамикасын анықтау үшін осы шендестікке қатысты мақал-мәтелдерді талдау маңызды.

Мақаланың мақсаты – қазақ тілінің мәдени коды – мақал-мәтелдерді талдау арқылы қазақ мәдениетіндегі ақылды және ақымақ шендестігінің байланысын, мағыналық-құрылымдық өзгерістерін көрсету.

Аталған мақсатқа жету үшін мынадай міндеттер қойылды: - «ақылды» және «ақымақ» ұғымдарына қатысты мақал-мәтелдерді жинақтау; - оларды лингвомәдени амал-тәсілдермен салыстыра талдау; - мақал-мәтелдердің құрылымдық, мағыналық ерекшеліктеріне орай сипаттарын анықтау; - талдау нәтижелеріне сәйкес тұжырымдар ұсыну.

Қазақ халқының дүниетанымын көрсететін рухани құрылымдар ретінде концептілерді жан-жақты зерделеу қажет. Концепт когнитивтік лингвистикада адамның танымдық тәжірибесі мен мәдени білімін жинақтайтын менталды құрылым ретінде қарастырылады. Ол тілдік бірліктер арқылы вербалданып, ұжымдық санадағы құндылықтар жүйесін, ұлттық дүниетаным ерекшеліктерін танытады. Ғылымда концептіні мәдениеттің санадағы көрінісі ретінде сипаттаса, В.А. Маслова (2001) оның тіл, мәдениет және ойлау жүйесінің тоғысындағы кешенді бірлік екенін көрсетеді. Осыған байланысты мақал-мәтелдер құрамындағы концептілер халықтың тарихи-мәдени тәжірибесін, бағалау жүйесін және дүниені қабылдау ерекшеліктерін айқындайтын тілдік дереккөз ретінде бағаланады (Кириллова, 2012).

Мақал-мәтелдерді аталған шендестік шеңберінде қарастырып, әлемдік тілдік бейнесіне үңілу халықтың әлемді қабылдау жолдарын көруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар адам мінез-құлқының мәдени негіздерін түсінуге, сондай-ақ жекелеген ұлттық концептосфераларға тән спецификалық және әмбебап сипаттарды айқындауға мүмкіндік береді. Осы тұрғыдан алғанда, қазіргі заманғы ғылымда қарқынды дамып келе жатқан лингвомәдениеттану парадигмасы шеңберінде «ақылды» және «ақымақ» концептілерін қарастыру негізді болып табылады. Зерттеуге алынған «ақылды» концептісі когнитивтік талдау, интеллектуалдық концептосфера, гендерлік лингвистика мен түркі тіл білімі тұрғысынан алғанда кешенді түрде қаралатын өзекті мәселе екені сөзсіз (Бақытжанова, 2023).

Кез келген мәдени кеңістікке енгенде, біз ең алдымен оның басты субъектісі – адамға, тұлғаға назар аударамыз. Шынайы болмысты танып-білу, қоршаған ортаны адекватты қабылдау қабілеті ретінде түсінілетін «ақылды» және осы нормаға сәйкес келмеуді білдіретін «ақымақ» ұғымдары адамзаттық коммуникацияда көне заманнан бері тұрақты түрде көрініс тауып келеді. Ол ойымызды қарастырылып отырған концептілерге түсіндірме сөздіктерде мынадай анықтамалар арқылы негіздеуге болады:

Ақылды

Есті, парасатты, сана сезімі жоғары. Ол кемпірі ақылды болса, енді Жұмағұлды бауырына тартуы керек емес пе? – деді. Әміре бұл сөздің жарыққа шығып, көп жұрттың талқысына түскенін жаратпайды (Сөздікқор порталы);

Ақымақ

Жөн білмейтін ессіз, ақылы аз.

Ой-өрісі нашар, ақылға көнбейтін, ұнамды қасиеттерден жұрдай, жөн білмейтін адамға қарата айтылатын сөз.

Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде ақымақ сөзіне былай анықтама берілген: сын. Ессіз, жөн білмейтін, парықсыз адам. Жаманға барсаң, қор боп ғұмыр өтер, ұстайды ол ақымақ күннен бетер, күн шығып, ай да туып, көз ашылып, бұл қайғы сорлыдан қашан кетер? (Сөздікқор порталы).

Берілген анықтамалардан байқайтынымыз, «ақылды» мен «ақымақ» концептілерін талдау арқылы белгілі бір мәдениет өкілінің дүниеге деген көзқарасы мен мінез-құлқын ашып, қазақ болмысының негізгі белгілерін нақтылауға мүмкіндік береді. Зерттеудің гипотезасы – «ақылды» және «ақымақ» концептілері қазақ тілі мен мәдениетінде негізгі және мәдени ұғымдар болып саналады, ал оның семантикалық және құрылымдық сипаты тек кешенді салыстырмалы талдау арқылы толық ашылады.

Материал және әдістер

«Ақылды» және «ақымақ» концептілеріне қатысты деректер «адам» өзегінің маңызды құрамдас бөлігі, оның рухани кеңістігі арқылы әлем жөніндегі тұтас түсініктер жүйесімен өзара байланысады. Десек те концептологияның жаңа сала ретінде көпқабатты, менталды феномен ретіндегі күрделілігіне байланысты концептілер мазмұны, құрылымы, мағынасы жағынан бірізді зерттелмей келеді. И.В. Кириллованың «Лингвокультурологическая специфика когнитивной оппозиции ум – глупость в русской языковой картине мира» (2012) еңбегінде осы ақылды-ақымақ шендестігін әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан зерттеуі осы мақалада теориялық негіз ретінде алынды.

Зерттеу нысаны: Сөздікқор порталы материалдары негізінде жинақталған қазақ тіліндегі әлем бейнесінің фрагменттері, сондай-ақ «ақылды-ақымақ» концептілерін репрезентациялайтын тілдік бірліктер.

Зерттеу жұмысында алдымен фразеологиялық, мақал-мәтелдер жинағынан концептілерге қатысты мысалдар қолма-қол теріліп, жалпы тілдегі шендестікті репрезентациялайтын 253 мақал-мәтел іріктеліп алынды. Іріктеу барысында бірліктердің семантикалық мазмұны, бағалауыштық сипаты, мәдени-танымдық ерекшеліктері, сондай-ақ концептуалдық карама-қарсылықты айқын көрсету деңгейі ескерілді. Сонымен қатар қайталанатын, мағыналық жағынан ұқсас және зерттеу мақсатына тікелей сәйкес келмейтін бірліктер іріктеуден шығарылды. Таңдалған материал зерттеудің нәтижелілігіне оң ықпал етті.

Әдіснамалық тұрғыдан зерттеу жұмысында «ақылды» және «ақымақ» концептілеріне байланысты мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерді айқындау үшін біршама лингвистикалық амал-тәсілдер қолданылды. Атап айтқанда, концептуалдық талдау әдісі, салыстырмалы әдіске басымдық берілді. Осының негізінде ақылды мен ақымақ, даналық пен надандық ұғымдарының өзара байланысы мен айырмашылықтары зерттеліп, қолданыстағы мақал-мәтелдердегі ақылды адам мен ақымақ адам белгілері топтастырылды. Аталған тәсілдер мен қатар сипаттау және жүйелеу тәсілдері арқылы деректердің семантикалық, бағалауыштық ерекшеліктері кесте арқылы ұсынылып, нақты мысалдармен сипатталды. Осы орайда лингво-мәдени талдау әдісі қарастырылған концептілердің, қазақ дүниетанымы мен мәдени құндылықтар жүйесіндегі орнын айқындауға ықпал етті. Зерттеу нәтижелері жүйелі ұсыну мақсатында сызба берілді.

Әдебиетке шолу

Зерттеу мақаласының тақырыбы мен мазмұнына сай осы бағытта жүргізілген отандық және шетелдік зерттеулер қатары мол. Сол зерттеулерді ғылыми негіздерді анықтай отырып, тілдегі шендестіктер туралы тұжырымдарды саралай келе, жаңашыл бағыттағы еңбектерге де назар қойылды.

Әлемнің тілдік бейнесінде бұл концептілер когнитивтік оппозиция құрай отырып, адамның интеллектуалдық мүмкіндіктерін сипаттайды. Аталған концепттердің ядросын тек «адамның белгілі бір зияткерлік қабілеті» деген мағына ғана емес, сонымен қатар «әлеуметтік-мінез-құлықтық сипаттама» семантикасы да құрайды деп пайымдауға негіз бар.

«Ақылды» және оған карама-қарсы ұғымдарды зерттеуде әдетте мақал-мәтелдер, ертегілер, әдеби мәтіндер және сөздік деректері қолданылады. А.Бақытжанова және әріптестері (2023) түркі тілдеріндегі мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерден тұратын материалдарды алып, «ақыл» концептінің гендерлік ерекшеліктерін көрсететін когнитивтік модельдерді зерттеген. Қ.Т. Бибек пен Л.М. Оразғалиева (2025) Абайдың өлеңдері мен қара сөздеріндегі тілдік бірліктер арқылы «ақылды» және «надан» концептілерінің өрісін талдаған. Сонымен қатар тілдік анықтамалар сөздіктерінен алынған мағыналарды талдаудың да өз маңызы бар. Мысалы, Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «ақыл» сөзі «адамның ойлау қабілеті, сана-сезім», «пікір, пайдалы кеңес», «дұрыс шешім, амал» деген мағыналарды қамтиды.

Осы негіздемелерге сәйкес ақылды және ақымақ ұғымдарын зерттеу үшін жұмысының негізгі материалы ретінде мақал-мәтелдер жинақтары алынды. Оған қоса фразеологиялық сөздік, түсіндірме сөздік, мәтіндерден де мысалдар жинақталды. Ал бұл материалдарды талдаудың теориялық негізіне бұған дейін жарияланған Г.С. Исаева (2022) еңбегінде паремиологиялық

материалдар мен тұжырымдары да алынды. Сондай-ақ бұл бағыттағы жоғарыда аталған Қ.Қартжан зерттеуінде ертегі дискурсындағы «ақыл – mind» концептісінің когнитивті лингвистика мен лингвоконцептологияға қатысты еңбегін де атауға болады. Бір қызығы, мұнда авторлар «Ер Төстік» ертегісі мен ағылшын тіліндегі «The Three Heads of the Well» ертегі дискурсындағы ақыл/mind концептісі арқылы дүниенің әмбебап бейнесі мен ұлттық ерекшелікті көрсетуді мақсат ете отырып, оппозиция әдісі басшылыққа алынады (Қартжан т.б., 2022). Осындай мазмұнда М.К. Абаева, А.Баймұханова (2022) зерттеуінде «ақылды», «ақымақ» ұғымдарын орыс және қазақ тілдерінде салыстырып, қазақ танымындағы ақылдың құндылығы мен ақымақтың кемсітілуі шендестіріледі.

Шендестік мәселесіне келгенде, ғалым Е.Селиверстова (2020) типологиялық тұрғыдан туыс емес, байланыссыз тілдерде ақылды мен ақымақ сынды бинарлық жұптардың тұрақты түрде қайталанатын көрсетеді. Бұдан мақал-мәтелдер дискурсында ортақ концептуалдық және бағалау құрылымдары бар екендігін байқауға болады. Ал бұл ойдың осы зерттеу мақалдарды талдауда ұлттық-мәдени ерекшелігін бейнелейтінін, екінші жағынан әлеуметтік баға берудің әмбебап үлгілерін негіздеуге ықпалы бар.

Қазақ тіл білімінде басқа да концептілердің зерттелу жолдарына қарасақ, И. Байсыдық, А. Нұрбаева, Р. Жетібай (2025) мақаласында «қонақ» концептісінің көпқабатты когнитивті-бағалаушылық құрылым екенін көрсетеді. «Қонақ» ұғымының тілдік репрезентациясы әлеуметтік қарым-қатынастың мәдени спецификалық сценарийлерін және құндылықтар жүйесін бейнелейді. Бұл зерттеу осы мақалада «ақылды-ақымақ» концептілерін шендестік ретінде ғана емес, мәдени тұрғыдан қалыптасқан әлеуметтік пайымдау көздері үлігісінде тәпсірлеуге мүмкіндік береді.

Қазақ зерттеулерінде де концептілік талдау кең қолданыс табады. Мысалы, Бақытжанова (2023) «ақыл» концептісі мен оның гендерлік қырларын когнитивтік модельдер арқылы көрсетеді; ол әйелдің мақтанышы ретінде сұлулық, ердің иелігінде – ақыл болып саналатынын анықтаған. Өңірлік зерттеулерде Абайдың шығармалары үшін «ақылды» мен «надан» қарама-қарсылық ұғымдары лингвоконцептологиялық әдістермен зерттелген.

Қазақстандық ғалымдар «ақыл» концептісі адам түсінігінің маңызды элементі және ол когнитивті мәдени аспектілерді біріктіреді дейді. Мәселен, Г. Исаева (2015) ақылды концептісін үш мағыналық топқа бөледі:

1. Ойлау қабілеті, сана сезім;
2. Пайдалы кеңес, ақыл;
3. Қиындықтан шығу жолы, амал.

Байқағанымыздай, зерттеуші қазақ дүниетанымындағы ақылдың маңызын осы бөлініс негізінде көрсетеді. Ал К. Қартжан (2022) концептіні зерттеуде когнитивті тәсілді және салыстырмалы типологиялық әдістерді қолданғанды жөн санайды. Енді батыстық мәдениеттанушылар мен психолінгвистер (Лурия) концептіні жалпыадамзаттық мәдени контекстте қарастырады.

«Ақылды» концептісі «ақылды, ғалым, білімді, есті, ер, хахим» секілді лексемалармен, «Надан» концептісі «білімсіз, қырсық, шәгіз, мақтаншақ, ақылсыз, қайғысыз» лексемалармен ұштасады. Мұндай тұжырымдар «ақылды» және оның қарсы ұғымдарының этникалық мәдени контексте әрқилы көрініс табатынын көрсетеді. Сонымен қатар концептология саласында Пименова мен Кондратьева (2011) сияқты зерттеушілер концептілердің жалпы теориялық негіздерін талдаған, ал шетелдік ғалымдар (Мишин, 2007; Гафиатуллина, 2012; Кириллова, 2012) «ум/ақыл – глупость/ақымақтық» сияқты концептілерді неміс, ағылшын, татар, орыс тілдерінде зерттеген.

Шетелдік зерттеулерде Шығыс Славян тілдеріндегі библиядағы мақал-мәтелдердің мәдени таным мен күнделікті ауызекі қолданыс негізінде формалық және семантикалық варианттары пайда болғанын айтылады (Ignatieva, 2025). Бұл ой біздің зерттеуіміздің мақал-мәтелдердегі «ақылды», «ақымақ» концептілерінің де атадан балаға беріліп, тілде сақталғанын ғана емес, сондай-ақ жергілікті бағалау жүйесіне, әлеуметтік нормаларға, және когнитивтік категорияларға әсер ете отырып мәдени реинтерпретациядан өткендігі жөніндегі идеясын толықтыра түседі.

С. Волошина (2020) концептінің тілдік құрылымдалуын және диалект дискурстарында мәдени интерпретациялануын көрсете келе, мәдени тұрғыдан маңызды лексемалардың концептуалдық, аксиологиялық қабаттарын талдайды. Осылайша, дәстүрлі паремиологиялық зерттеулерде «ақылды» және «ақымақ» ұғымдары мәдени тұрғыдан қалыптасқан бағалау категориялары ретінде қарастырылады. Ал қазіргі цифрлық коммуникацияда ақымақ сөзінің қолданыс ерекшелігі өзгеріп, ол адам мен технология байланысы аясында қолданушының өкпеленішін көңіл толмаушылық ойын білдіретін прагматикалық маркер есебінде қолданыла бастады (Biermann, Schweiger, Jentsch, 2019). Мұндай айырмашылық мақалдардағы моральдық, мәдени негізді бағаның цифрлық аяда жағдаяттық және аффектив бағаға қарай өзгеру үдерісін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда аталған концептілерді тарихи және әлеуметтік аспектіден уақыт пен мәнмәтінге қарай өзгермелі концептілер ретінде қарастыру қажеттігі туындайды (Салқынбай, 2024).

Нәтижелер және талқылау

«Ақылды» және «ақымақ» концептілерін шендестік (оппозиция) ретінде қарастыра болсақ, олар бір-біріне қарама-қарсы жұп ретінде назарға алынады (Гафиятуллина, 2012). Ғалымдардың ойынша әрбір ұлт тілінде міндетті түрде ақылды мен ақымаққа байланысты базалық танымдық ұғымдар кездеседі. Бұл ойдан ақылды мен ақылсыздың кез-келген қоғамда өзіндік белгілері бар екендігін аңғарамыз. Ғалым И.В. Кириллова (2012) орыс дүниетанымындағы аталған ұғымдар (ум, глупость) арасындағы когнитивті оппозицияны қарастырған.

Қазақ мақал-мәтелдері мен фразеологизмдерінде ақылды адамды мадақтауды ал, ақымақтыққа бей-жай қарауға болмайтының ұғындыру үрдісі жиі кездеседі. Мәселен, Абай шығармаларындағы ақылды және надан концептілері лексемалар деңгейінде де қарама-қарсы қолданылады (Бибек, 2025). Кейбір мақал-мәтелдерде ақылсыз ағайын жаумен тең, ақылдыдан үйрен деген шендестік осы жағдайды сипаттайды. Мұндай шендестікті талдау арқылы адамның ақылдылығы мен ақымақтығы күнделікті өмірде әлеуметтік қырынан бағаланатының көрсетеді.

«Ақылды» және «ақымақ» концептілерінің мағыналық құрылымдарының өзіндік динамикасы бар. И.В. Кириллова зерттеуіне сүйенсек, ақыл ұғымы әуелде аңғару, түсіну мағынасымен байланысты болған. Ежелгі тілдік санада ақыл адамның жанымен бірге қарастырылып, рухтың ажырамас бөлігі ретінде танылған. Уақыт өте келе, бұл ұғымның семантикалық ауқымы кеңейіп ХІХ ғасырдың соңына қарай ақыл немесе ақыл адамның ойлау қабілетін көрсететін, зияткерлік үдерістерді жүзеге асыратын кеңістік, тіпті тұлғаның тұтас сипатын көрсететін белгі ретінде қабылдана бастады. Ал «ақымақ» концептісінің мазмұнында диахрондық жағынан әуелдегі физикалық қабылдауға қатысты мағынадан танымдық деңгейдегі адамның ойлау қабілетінің жеткіліксіздігі, түсінбеу семантикасына қарай ауыса бастаған. Бұл ақылды мен ақымақ ұғымдарының тілдік санада бір-біріне қарама-қарсы бірақ бір-бірімен байланысты когнитивтік шендестік ретінде қалыптасқанын көрсетеді.

Жоғарыда «ақылды» концептісінің кең өрісті қамтитыны атап өтілді, оған қоса Гафиятуллинаның ақыл сөзінің мағыналық топтары аталды. Мақал-мәтелдерде осы үш қыр да (ойлау қабілеті, кеңес беруші, қиындықтан шығу жолы) көрініс табады. Зерттеушілердің пайымдауынша, қазақ дүниетанымында «ақылды» концептісі мына негізгі семантикалық тармақтармен сипатталады: ойлау қабілеті, сана-сезім (интеллектуалдық деңгей, зерде), адамның зиялылық қасиеттері (парасат, білімдарлық, көрегендік), ақыл мен білімнің арақатынасы, сондай-ақ әлеуметтік-қоғамдық қызметі (ақылдың қоғамдағы рөлі, ақыл-кеңес беру) (Полищук, 2012). Расында, көптеген мақалдар ақылдың адам өміріндегі сан қырын бейнелейді: бір жағынан «*Ақыл – дария, алсаң да таусылмайды*» деп білім-парасаттың сарқылмас қазына екені айтылса, екінші жағынан «*Ақыл көпке жеткізер, өнер көпке жеткізер*» деп ақылдың практикалық пайдасы да мадақталады.

«Ақылды» концептісіне қатысты белгілер: Қазақ тілдік санасында «ақылды адам» образы ең ізгі, оң қасиеттермен ассоциацияланады. Мақал-мәтелдер мен фразеологизмдерді талдау негізінде ақылды кісі келесі белгілермен сипатталатыны анықталған: мейірімділік, адалдық, сабырлылық, шыдамдылық, кішіпейілділік, сыйластық, сөзге шешендік, тапқырлық, батылдық

(Бақытжанова, 2025). Яғни ақылды адам – зерек, парасатты, сабырлы, ақылға жүгінеді, ұстамды және көреген. Мысалы, халық даналығында *«Ақылдының сөзі қысқа, айта қалса – нұсқа»* деп, ақыл иесінің ойды нұсқалы, мәнді түрде жеткізетін сабыр-қайратын көрсетсе (Мақал-мәтелдер, 2016), *«Ақылы асқанды аға тұт»* деп, ақылдылығы жағынан басым адамды туысындай көріп құрметтеу қажет деген өсиет айтылады (Alefirenko, 2010). Сондай-ақ *«Ақылды адам ақымақтан да бірдеңе үйренеді»* деген мақал ақылдының білімқұмарлығын, ашық ойлығын аңғартады (Павлов, 2013). Ақылдың қазақ дүниетанымындағы репрезентациясын зерттеген Д.С. Рыспаева (2022) ақылдының кейіпкерлерін, атап айтқанда, Қарашаш пен Жиренше шешенге қатысты мәтіндер арқылы талдайды.

Қазақ мәдениетінде ақыл тек білім өлшемі емес, сонымен бірге имандылық пен намыс ұғымдарымен тығыз байланысты екені де байқалады (Chunyi Lei, 2020). Мысалы, парасат сөзінде намыс, ар ұғымы да қабаттасып, «намысын жерге таптамау» тек ақылды адамның қолынан келетіні ескертіледі. Бұл ерекшелік халықтық тілдік қолданыстарда да көрініс табады. Мәселен, *«Ақылды адам арын сата алмайды»*, *«Парасатты ерге намыс серік»* мақал-мәтелдерінде ақыл мен адамгершілік сапалар өзара сабақтастықта беріледі. Сондай-ақ *«Ақыл – жастан, асыл – тастан»* мақалында ақыл адамның жас ерекшелігіне тәуелді емес рухани құндылық ретінде танылады. Осыдан «ақылды» концептісі ақыл-парасат, білім және моральдық құндылықтар синтезінен құралған кемел адам бейнесін қалыптастырады деген тұжырымға келеміз.

«Ақымақ» концептісінің семантикалық өрісіне келер болсақ, «ақылды» ұғымына қарама-қарсы тұрған «ақымақ» концептісі қазақ тілінде ақыл-ойдың кемшілігін, сананың жетіспеушілігін білдіретін жиынтық ұғым. Бұл концептінің семантикалық өрісін «ақылсыздық» түсінігінің түрлі қырлары құрайды: ойсыздық, санасыздық, надандық, есерсоқтық, аңғалдық және қисынсыз қылық сияқты мағыналар. Мәселен, қазақ мақалдары ақылсыздықты бейнелеу үшін жиі *«бас»*, *«ми»* образдарын теріс коннотацияда қолданады: *«Баста ми болмаса, екі аяққа күш түседі»* дейді. Сол сияқты *«Ақылсыз жігіт – ауыздықсыз ат»* деп ақылсыз кісі жүгенсіз атқа теңеледі. «Ақымақ» концептісіне қатысты сипаттамалық белгілері мақал-мәтелдерде анық көрініс тапқан. Қазақ танымында ақымақ адам – әдетте жеңілтек, орынсыз мақтаншақ немесе ашушаң, кез келген жылтыр нәрсеге еліктеп, түпкі нәтижесін ойламайтын әпербақан: *«Ақымақтың ақылы көзінде»* деп, үстірт нәрсеге құмарды айтса, *«Ақымаққа жылтырағанның бәрі алтын»* деп, алдамшы сыртқы түрге алданатынын бейнелейді.

Ақымақтың тағы бір белгісі – сақтықтың жоқтығы, артын ойламау. *«Ақымақ артын ойламас, аласа суға бойламас»* деген мақал оны көзсіз, аңғал әрекетке бейім деп сипаттайды. Сонымен бірге ақымақ түсінбес, ұқпас жан ретінде көрінеді: оған айтқан ақыл далаға кеткен оқпен тең (*«Ақымаққа айтқан сөз – далаға атқан оқ»*). Өркөкіректік пен қырсықтық та ақымақтың белгілерінен: талай мақал ақымақтың өзімдікі ғана дұрыс деп қарсыласатынын көрсетеді және оны түзету мүмкін емес дейді (*«Ақымақты үйрету – өліні тірілту»*). Жалпы алғанда, ақымақ концептісі қазақ тілдік санасында ақылдан кенде адамның күлкілі әрі қауіпті бейнесін жинақтайды: ондай жан *түсінуден, жөн қабылдаудан қалған*, көбіне мәнсіз сөйлеуге құмар (*«Ақымақ сөйлей қалса, ақылға қонбайтын қайдағыны айтар»* деп келетін әзіл сөз бар), әрі өз қатесін мойындамайтын бірбеткей болып суреттеледі.

Ақылды және ақымақ концептілерінің бағалауыштық мәніне келсек, қазақ қоғамында ақылдылық – ең жоғары бағаланатын құндылықтардың бірі, ал ақымақтық – теріс қасиет ретінде жағымсыздыққа тап болу, жөнсіздік, адасу нышаны ретінде қарастырылады. Мақал-мәтелдер бұл екі ұғымның аксиологиялық (бағалауыштық) полюстерін айқын көрсетеді. Халық даналығы бойынша, *«Дүние ақылдыға жарық, ақылсызға тамұқ»*, яғни ақылды үшін дүние гүлстан, ал ақылсыз үшін тозақ секілді. Ақыл – адамды жақсылыққа жеткізетін жарық нұр, Құдайдың адамға берген ең үлкен сыйы саналады. Сондықтан қазақ ұғымында *«ақыл – құдайдың сыйы»* деп қадірлейді. Керісінше, «ақымақ» болу – Алланың адамға жазасы: *«Құдай адастырғанда – ақылынан айырады»* деген сенім бар. Мақал-мәтелдердің мазмұнына үңілсек, «ақылды» әрдайым жағымды контексте көрініп, мадақталатынын, ал «ақымақ» күлкіге ұшырап, сын нысаны болатынын көреміз.

Зерттеулер де қазақтар ақылдыны аса құрметтеп, ақымақ әрекеттен барынша аулақ болуды

насихаттайтынын растайды. Мысалы, «*Ақылдыға ишара, ақымаққа таяқ*» деген сөзде ақылды адамға жұмсақ ескерту жеткілікті болса, ақымаққа қатал шара қолданбаса түсінбейді делінген. Сол сияқты «*Ақымақпен астаспа, ақылдымен қастаспа*» деген мәтел ақылдымен жауласып оша таппайтынынды, ал ақымақпен дос болсаң қадір-қасиетің кететінін ескертеді. Осы тұрғыдан қазақ қауымында ақылды – оң, қадірлі ұғым (мадақтау, жақсы сипат арқылы беріледі), ал ақымақ – теріс, жағымсыз ұғым (келеке, негативті салыстыру арқылы көрінеді).

Ақылды пен ақымақтың қоғамдағы орны және дүниетанымдық рөлі

Ақылдының қоғамдағы рөлі. Дәстүрлі қазақ қоғамында ақыл иелері ел ағасы, кеңесші, шешен би ретінде маңызды әлеуметтік қызмет атқарған. Мақал-мәтелдерде ақыл иесінің мәртебесі ерекше көрсетіледі: ақылды адамға жұрт жүгініп, кеңес сұрайды («*Көп ақылында көл, аз ақылында шөл*» дегенде көптің кеңесі – көлдей мол деп дәріптеледі). Хан қасында ақылды кеңесші болса, «*қара жерден кеме жүргізер*» деген сөз бар, яғни кез келген қиын істі ақылмен шешуге болады (Асықова, 2013).

Бұл ақылдылардың қоғам тірегі, тәртіп пен дамудың кепілі екенін білдіреді. Сондай-ақ ақылды қазақ дүниетанымында рухани кемелдікпен теңестіледі: ақылды кісі тек өз пайдасын емес, халқының қамын ойлайтын парасат иесі. Мысалы, А. Құнанбаев «Ғылым таппай мақтанба...» өлеңінде ақыл, ғылым, сабыр, рақым сияқты қасиеттерді адамзаттың асылы деп үйретеді. Демек ақылдылар – қоғамның қайнар бұлағы, алға жетелеуші күші. Бұған ертегілердегі белгілерін қоссақ, ақыл концептісі мұнда амал-айла табуға қатысты қолданылады екен (Қартжан, 2022). Ғалымдардың зерттеуінше, ағылшын ертегілерінде ақыл айладан гөрі, оң пікір білдіру, жөн көрсете білумен байланысты.

Қазақ мәдениетінде ақыл иесіне жас ерекшелігіне қарамастан құрмет көрсетілгені байқалады: жоғарыда айтылған «*ақылы асқанды аға тұт*» қағидасы – соның дәлелі. Яғни дүниетанымдық тұрғыда ақылды болу – тәрбие мен тәртіптің, прогресс пен руханияттың негізгі өлшемі, ұлттық идеалдың бір құрамдас бөлігі.

Ақымақтың қоғамдағы орны. «Ақымақ» қазақ қоғамында сөгіске ұшыраған, келеңсіз әрекеттің бейнесі. Мақал-мәтелдерде ақымақ адамдардан сақтандыру, оларды қауіпті, зиянды деп суреттеу басым. Мәселен, «*ақымақтан арқан бойы алыс жүр*» деп ақылсыздан мүмкіндігінше алыстау керектігі ескертіледі (Polishchuk, 2012). Ақымақ – қоғамға пайдасы жоқ, керісінше зияны тиюі мүмкін тұлға. Оны достыққа да, істес тірлікке де жолатпауды жөн санайды (*жаманмен / ақымақпен жолдас болсаң – тіріде көрген қорлығың, өлгенде көрген сорлығың*). Дүниетанымдық тұрғыда қазақ үшін ақымақтық – тәртіпсіздік пен хаос бастауы.

Ақымақ адам өзіне ғана емес, айналасына залал келтіруі ықтимал: мысалы, бір жалған қылығы бүкіл ауылға сөз, бүкіл елге күйе жағуы мүмкін деп астарлайды (*қазанның күйесі жұғады, ақымақтың бәлесі жұғады*). Сондықтан қазақ қоғамында ақымақ болмау, ондай қылықтан сақ болу әркімнің парызы ретінде қарастырылған. Фольклорлық шығармаларда да ақымақ бейнесі көбінесе күлкілі кейіпкер не сабақ болатын мысал түрінде беріледі (мәселен, Алдаркөсе шығармаларында ақымақ байларды алдап кету арқылы халық ақылы жеңілдерді келемеж етеді). Бұдан байқайтынымыз, ақымақтық – қазақ дүниетанымында жағымсыз әлеуметтік құбылыс, ол жеке адамды абыройынан айырып, түптеп келгенде қоғамның да тұтастығына нұқсан келтіреді деп түсінілген (Қазақарғұлу, 2020). Бұл екі концептінің қарама-қарсы сипаты қазақтың ұрпағына берген тәрбиелік үндеуінде анық байқалады: *ақылды бол, ақымақ болма* деген сарын – мақал-мәтелдердің түйінді өнегесі (Кесте 1).

Кесте 1 – «Ақылды», «ақымақ» концептілерінің салыстырмалы кестесі

Таблица 1 – Сравнительная таблица концептов «умный» и «глупый»

Table 1 – Comparative Characteristics of the Concepts “Wise” and “Foolish”

Қырлары	«Ақылды» концептісі (оң мәнді)	«Ақымақ» концептісі (теріс мәнді)
семантикалық өрісі	– ойлау қабілеті, сана (интеллект, зерде) – парасат, даналық (терең ақыл, өмір)	– ақылсыздық, ойсыздық (интеллектінің төмендігі) – надандық (білімсіздік, тоғышарлық)

	тәжірибесі) – ақыл-кеңес (пайдалы насихат, шешім жолы) – құндылықтармен байланыс (намыс, ізгілік)	– аңғалдық, жеңілтектік (естиярсыз мінез, алданғыштық) – өркөкіректік (өзіне қатты сену, қателігін көрмеу)
сипаттамалық белгілері	– зеректік (алғыр, ұғымтал) – сабырлылық (өзін тежей білу) – парасаттылық (ойшыл, көреген) – кішіпейілділік (кеңпейіл, инабатты) – білімділік, түсінгіштік	– жеңілтектік (ойсыз әрекетшіл, тұрақсыз) – қиқарлық (кінәмшіл, қырсық) – түсінбестік (ақыл айтуға көнбейді) – мақтаншақтық (өзін тым жоғары бағалау) – ашушандық (ызаға тез берілу)
бағалауыштық мәні	– оң, жоғары баға (қадір-қасиет) – мадақтау, үлгі тұту (ақыл құдайдың сыйы деп саналады) – қоғамда құрмет пен мәртебе (ақылдыны ел сыйлайды)	– теріс баға (кері тартқыш қасиет) – күлкі, әзіл нысаны (ақымақтық ақылсыздықтың үлгісі ретінде келтіріледі) – қоғамда беделсіз, жағымсыз бейне (ақымақтан аулақ жүр деген кеңес)
қоғамдық рөлі	– кемел тұлға, тәрбие мен тәртіп көзі – ақылшы, кеңесші, басшының тірегі – ұлттық идеалдың белгісі (дана, әділ би, ақылгөй абыздар)	– қауіпті тұлға, бүлік пен келеңсіздіктің көзі – әлеуметтік сын нысаны (мазақ етіледі) – үрейлендіру құралы (жастарды ақымақтықтан сақтандыру мысалы)

Кесте 1-де «ақылды» және «ақымақ» концептілерінің семантикалық, бағалауыштық және әлеуметтік қырларының қарама-қарсы сипатта көрініс беретінін көреміз. Кесте мазмұнына сәйкес, «ақылды» концептісі қазақ дүниетанымында *парасат, сабыр, білім және адамгершілік* құндылықтарымен сабақтастырылса, «ақымақ» концептісі *ойсыздық, надандық және әлеуметтік жағымсыз мінез-құлықпен* байланыстырылған. Бұл қарама-қарсылық мақал-мәтелдер арқылы халықтың тәрбиелік ұстанымдарын, қоғамдық нормаларын және тұлғаға қатысты бағалау жүйесін айқындайды.

«Ақылды» концептісінің мақал-мәтелдердегі бейнесін осы концептілік қырлар негізінде қарастырсақ, мақал-мәтелдерінде ақылды адам сабырлы, ойлы, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары, өзін және ортасын тәрбиелей алатын тұлға ретінде сипатталады. Ақыл тек танымдық қабілет емес, қоғамда өмір сүрудің мәдени механизмі ретінде танылады (Кесте 2).

Кесте 2 – Қазақ мақал-мәтелдеріндегі «ақылды» концептісінің негізгі белгілері

Таблица 2 – Основные признаки концепта «умный» в казахских пословицах и поговорках

Table 2 – The Main Features of the Concept “Wise” in Kazakh Proverbs and Sayings

<i>Мәдени-когнитивтік белгі</i>	<i>Мақал-мәтелдердегі көрінісі</i>	<i>Концептуалдық мәні</i>
Сабыр, асықпау	Ақыл – адам көрігі, Ақылдың сабыр серігі.	Ақыл – ойлы әрекет.
Тыңдай білу, түсіну	Ақылдыға айтса, білер.	Ақыл – қабылдау мен ұғыну.
Әлеуметтік бағдар	Ақымақпен жараспа, Ақылдыдан адаспа. Ақылды көрші – төрің, Ақымақ көрші – көрің. Ақылды отқа қарайды, Ақымақ қазанға қарайды.	Ақылды адам – әлеуметтік үлгі.
Таңдау	Ақылдымен отыру – ақымаққа жаза, Ақымақпен отыру – ақылдыға тозақтан жаман қаза.	Ақыл – ақымақ қорқатын нысан.
Даму, өсу	Ақылдыға ишарат, Ақымаққа тоқпақ. Ақылдыға жақындас, Ақылсыздан өз басыңды алып қаш.	Ақыл – динамикалық құбылыс.
Біліммен байланыс	Ақымақ ішкен-жегенін айтады,	Ақыл мен білім – кемелдік.

	Ақылды көрген-білгенін айтады.	
Билік пен жауапкершілік	Ақылдыға сөз ерер, Ақылсызға бөз ерер.	Ақыл – басқару талабы.
Ар-намыспен сабақтастық	Ақылды арын қорғайды. Ақылды «көндім» десе, Ақымақ «жеңдім» дейді.	Ақыл – моральдық бақылау.
Ақылдың құндылығы	Ақылдан артық байлық жоқ, Ақылдан асар амал жоқ, Батылдар алмас қамал жоқ. Ақыл – гауһар бағасыз, Ақымақ – ауру дауасыз.	Ақыл – байлық.

Кесте 2-дегі деректер «ақылды» концептісінің қазақ дүниетанымында көпқабатты мәдени-когнитивтік құрылым ретінде қалыптасқанын көрсетеді. Мақал-мәтелдерде ақыл тек адамның ойлау қабілетін білдірмейді, ол әлеуметтік қатынасты реттейтін, мінез-құлықты бақылауға бағыттайтын және «*тұлғаның қоғамдық орнын айқындайтын тетік*» қызметін атқарады. Кестеде берілген тілдік деректерге сәйкес, ақылды адам көбіне сабырлы, жауапкершілігі жоғары, ортаға бейімделе алатын әрі моральдық ұстанымы берік тұлға ретінде бағаланады. Бұл қазақ мақал-мәтелдерінде ақыл ұғымының білімнен гөрі әлеуметтік және этикалық мазмұнмен тығыз байланыста концептуалданғанын аңғартады.

Қазақ дүниетанымында ақылды адам – тек «көпті білетін» емес, – ұстамды, қоғамға пайдалы, ар мен жауапкершілікті бірінші орынға қоятын тұлға (Сурет 1).

АҚЫЛДЫ ойлайды тыңдайды сабырлы дамиды арын қорғайды қоғамға пайдалы	АҚЫМАҚ түсінбейді күлкішіл келеді асығыс өзгермейді зиян келтіреді қоғамға қауіпті
---	---

Сурет 1 – «Ақылды – ақымақ» концептілік жұбы
Рисунок 1 – Концептуальная пара «умный – глупый»
Figure 1 – The Conceptual Pair “Wise – Foolish”

Бұл сурет қазақ тілдік санасында «ақылды» және «ақымақ» ұғымдарының қарама-қарсы, бірақ өзара байланысты концептілік жұп құрайтынын көрсетеді. «Ақылды» концептісі ойлау, тыңдай білу, сабыр сақтау, даму және ар-намысты қорғау сияқты когнитивтік және моральдық қасиеттер арқылы сипатталады. Оны мына мысалмен бекітуге болады:

Екі мақұл дауласса, сөздері асқар ала таудай болар

Бір тентек бір ақылды таласса, атысқан жаудай болар.

Ал «ақымақ» концептісі түсінбеу, асығыстық, рефлексивті емес әрекет, өзгермеу және зиян келтіру сияқты белгілермен белгіленеді. Мәселен, *ақылдыға айтса – біледі, ақымаққа айтса – күледі.*

Бұл шендестік ақылды болудың қазақ көзқарасында жай зияткерлік қабілет емес, – әлеуметтік жауапкершілік, мінез-құлықты реттейтін мәдени норма екенін көрсетеді. Ал ақымақтың белгілерінің бірі де – осы ақылдының белгілерінен айнығандық.

Қазақ тілінде ақылды мен ақымаққа қатысты тек бұл сөздер емес, басқа да теріс мәнді сөздер салыстырмалы мақсатта қолданылады. Мысалы, «ақылды арын қорғайды, сараң малын қорғайды» деген мақалда ақылды мен сараң қарсы қойылып, сараңдықтың ақымақ адамның бір белгісі деп ұғындырады. Шендестіктің мәні қазақ дүниетанымында ақымақ пен ақылды түсінігі «ақылды кісіні аяла, ақымақ кісіні аяма» мақалынан анық байқалады. Бұдан мысалға алынған

мақал-мәтелдердегі маңызды сипат – ақылды болу да, ақымақ болу да жағдаятқа, әрекетке сәйкес өзгертін категория екендігі. Яғни бір адам бір жағдайда ақылды әрекет етсе, екінші бір жағдайда ақымақтық танытуы ықтимал. Бұл ұстаным қазіргі когнитивтік ғылымдағы контекстуалдық зият, жағдаяттық рационалдылық теорияларымен ұштасады. Демек, қазақ тіліндегі ақыл сөзі мәртебеге емес, таңдау, әрекет нәтижесіне сай қолданылады.

Қазіргі дискурста дәстүрлі мақал-мәтелдердің құрылымы мен мазмұны трансформацияланып, жаңа коммуникативтік ортаға бейімделіп қолданылатыны байқалады. Мысалы, дәстүрлі «Ақылдыға айтсаң білер» мақалы әлеуметтік желі тілінде «Ақылдыға бір сторис жетеді» түрінде ирониялық сипатта қолданылады. Сол сияқты «Ақыл жастан» тіркесі қазіргі медиадискурста «Ақыл жастан, контент TikTok-тан» тәрізді өзгертілген нұсқаларда кездеседі. Мұндай өзгерістер мақал-мәтелдердің семантикалық өзегінің сақталғанын, алайда олардың жаңа цифрлық мәдени ортаға бейімделу арқылы прагматикалық қызметінің кеңейгенін көрсетеді.

Қазақ мақал-мәтелдері «ақылды» мен «ақымақ» концептілерін тек когнитивтік категория ретінде емес, әлеуметтік-моральдық реттегіш ретінде танытады. Ақылды адам – қоғамды сақтайтын, дамытатын күш болса, ақымақ – қауіпті, бірақ табиғи түрде кездесетін құбылыс. Осы арқылы қазақ мәдениетінде ақылды ұғымы тәрбиелеуге, ал ақымақ ұғымы жағымсыз әрекеттен сақтануға бағытталған мәдени кодты ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу қазақ мақал-мәтелдері негізінде «ақылды» және «ақымақ» концептілерінің лингвомәдени табиғатын айқындауға бағытталды. Мақал-мәтелдерді талдау барысында бұл ұғымдардың қазақ тілдік санасында тек танымдық қабілетті сипаттайтын категория ретінде ғана емес, қоғамдағы мінез-құлық нормаларын бағалайтын және реттейтін мәдени-әлеуметтік өлшем ретінде орныққаны байқалды. Яғни мақал-мәтелдердегі «ақылды – ақымақ» шендестігі көбіне жеке адамның зияткерлік деңгейін емес, оның мінез-құлығын, өзін-өзі ұстауын, айналасына тигізер әсерін ашып көрсетеді.

Талдау нәтижелері «ақылды» концептісінің негізгі белгілері ретінде ойлану, тыңдай білу, сабыр сақтау, өзін дамыту, ар-ұят пен жауапкершілікке мән беру, қоғамға пайдалы болу сияқты сипаттардың тұрақты қайталанатынын көрсетті. Ал «ақымақ» концептісін танытатын қолданыстарда түсінбеу, орынсыз ыржаң, асығыстық, өзгермеу, сөзге тоқтамау, өзіне де, айналаға да зиян келтіру секілді бағалауыш мәндері басым. Осы тұрғыдан алғанда, ақылды-ақымақ шендестігі қазақ мақал-мәтелдерінде «ақыл – әлеуметтік тұрғыдан оң қасиет, пайдалылық және моральдық бақылау» мәні кеңейіп, тәрбиелік қызмет атқаратын мәдени кодқа айналған деуге болады. Сонымен бірге мақал-мәтелдердегі маңызды бір жайт – ақыл мен ақымақтық абсолютті, өзгермейтін сипат емес, көбіне әрекет пен жағдайға тәуелді бағаланатын құбылыс ретінде көрінеді. Бұл қазақ дүниетанымында «ақылды» ұғымының мәртебеден гөрі таңдауға, тәртіпке, өзін-өзі басқаруға жақын екенін аңғартады. Алдағы уақытта осы модельді корпус материалдары мен басқа дискурстық деректер (көркем мәтін, ауызекі сөйлеу, публицистика) арқылы кеңейтіп, синонимдік қатарлар мен бағалауыш бірліктердің жүйесін толық ашу зерттеудің нәтижелерін нақтылай түсері анық.

Әдебиеттер

- Абаева М.К., Баймуханова А. Концепт «ум» и «глупость» во фразеологическом фонде русского и казахского языка // Молодой ученый. – 2022. – №15 (410). – С. 342–343.
- Алефиренко Н.Ф. Аксиологиялық лингвистика. – Москва: ФЛИНТА, 2010.
- Асықова З. Қазақ мақал-мәтелдері. – Алматы: Балауса, 2013.
- Байсыдық И.Б., Нұрбаева А.М., Жетібай Р.К. Орыс және қазақ тілдеріндегі «қонақ / guest» концептісінің когнитивтік және лингвомәдени параметрлері. – Eurasian Journal of Philology, 2025(3). – 30-41-66. <https://doi.org/10.26577/EJPh202519933>.
- Бақытжанова А.Қ., Шоқым Г.Т., Бұранқұлова Е.Т. Түркі интеллектуалдық концептосферасы жүйесіндегі «ақыл» концептісінің гендерлік сипаты // Филология сериясы, 2023. 71(4). <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.004>.
- Балабекова Қ., Отарбекова Ж., Иманқұлова М. Халық ертегілеріндегі «байлық» және «кедейлік» концептілерінің тілдік репрезентациясы // Тілтаным, 2024(2). – 52–66-бб. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2->

52-66.

Бибекөв Қ.Т., Оразғалиева Л.М. Абайдың тілдік әлеміндегі «ақылды» және «надан» концептілері // Торайғыров университетінің хабаршысы. Филология сериясы, 2025(2). – 88-100-бб.

Гафиятуллина Н.Р. Ағылшын және татар тілдеріндегі даналық/ақыл және ақымақтық концептілерінің вербалдануы: филол.ғ.к. ... автореф. – Қазан федералдық университеті, 2012. <https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/net/92799/-1/0-796322.pdf>.

Даналық туралы қазақ халық мақал-мәтелдері // Bilimdiler.kz порталы.

Закирияева Г., Жиренов С., Имангазина А. Дәстүрлі қазақ мәдениетіндегі тілдің медиациялық қызметі // Тілтаным, 2025. – 100(4). – 81-92-бб. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-81-92>.

Исаева Г.С. Қазақ әлемінің тілдік бейнесіндегі «ақыл» концептісі: паремиялогиялық талдау // Тілтаным, 2022(2). – 72-80-бб.

Кириллова И.В. Орыс тілінің әлем бейнесіндегі «ақыл – ақымақтық» когнитивтік оппозициясының лингвомәдени ерекшелігі: филол.ғ.д. ... дис. – Нижний Новгород, 2012.

Қартжан Н.Е., Исакова С.С., Исакова А.С., Алтайбекова К.Т. Қазақ-ағылшын қиял-ғажайып ертегі дискурсындағы «ақыл/mind» концептісінің лексика-семантикалық репрезентациясы // Филология сериясы, 2022. 67(4). <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.007>.

Маслова В.А. Лингвокультурология: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – Москва: Издательский центр «Академия», 2001. – 208 с.

Павлов С.Г. Адамның лингвоаксиологиялық моделі: ғылыми-әдістемелік аспект // Минин университетінің хабаршысы, 2013(2). – 56-68-бб.

Полищук Т.И. Әлемнің тілдік бейнесіндегі «ақымақтық» концептісі (орыс және француз тілдері негізінде). Докторлық диссертация. – Калуга, 2012.

Полищук Т.И. Әлемнің тілдік бейнесіндегі «ақымақтық» концептісі. – Автореферат, 2012. <https://cheloveknauka.com/kontsept-glupost-v-yazykovoy-kartine-mira> (орыс тілінде)

Рыспаева Д.С. Қазақ халқының әлем бейнесіндегі «ақыл/ум» концептісінің тілдік репрезентациясы // Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ хабарлары. Филология сериясы, 2022. – №1(64). – 181-198-бб.

Салқынбай А.Б., Нұрбеков Т.Б. Қазақ ертегілеріндегі «жақсылық» пен «жамандық» оппозициясы // Ясауи университетінің хабаршысы, 2024. №1(131). 7–19-бб. <https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.01>

Сүлейменова Э.Д. Қазіргі лингвистикадағы мағына ұғымы. – Алматы: Мектеп, 1989.

Уәли Н.М. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері. Докторлық диссертация авторефераты. – Алматы, 2007.

Biermann, M., Schweiger, E., Jentsch, M. Дауыс арқылы басқарылатын интерфейстерді жетілдіру: пайдаланушы мінез-құлқы, мәселелер және өзара әрекет пен диалог дизайнын жетілдіру мүмкіндіктері. Informatics Lecture Notes (LNI) еңбектер жинағы. 2019. <https://doi.org/10.18420/muc2019-up-0253>.

Chunyi, L., Pamies, A. Жарық метафораларының лингвомәдени салыстырмалы талдауы (испан және қытай тілдері негізінде). 2020. Studies in Contrastive Linguistics.

Ignatieva, N., Mokienko, V., Nikitina, T. Шығыс славян паремиялогиялық параллельдері: библиялық даналықтың бейнелі вариациясы. Studia Slavica Academiae Scientiarum Hungaricae, 2025. 69(1). <https://doi.org/10.1556/060.2024.00148>.

Kaşaroğlu, Ç.N. Түркі мәдениетіндегі «ақыл» және «даналық» туралы өсиеттер: Баласағұндық Жүсіптен Абайға дейін. Milli Folklor, 2020. 16(128), 75-86.

Lakoff, G., Johnson, M. Metaphors we live by. University of Chicago Press, 1980. (in English)

Seliverstova, E.I. Мақал-мәтелдік концептілердің ұқсастығы мен ұлттық ерекшелігі. Russian Journal of Linguistics, 2020. 11(2). Pp. 198–212. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2020-11-2-198-212>

Sozdikqor.kz порталы. <https://sozdikqor.kz/>. Қаралған күні: 29 желтоқсан 2025 ж.

Voloshina, S.V. Диалектілік дискурстағы «аю» концептісінің репрезентациясы. Томск мемлекеттік университетінің хабаршысы. Филология, 2020. (65/2). <https://doi.org/10.17223/19986645/65/2>.

References

Abaeva, M.K., Baimuhanova, A. (2022) Konzept «um» i «glupost» vo frazeologicheskom fonde russkogo i kazahskogoazyka. Molodoj uchenyj, (15), 342–343. <https://moluch.ru/archive/410/90365>. [Abaeva, M.K., Baimukhanova, A. (2022) The concept of “mind” and “stupidity” in the phraseological fund of Russian and Kazakh languages. Molodoj uchenyj, (15), 342–343. <https://moluch.ru/archive/410/90365>.] (in Russian)

Alefirenko, N.F. (2010) Aksiologicheskaja lingvistika. Moskva: FLINTA [Alefirenko, N.F. (2010) Axiological linguistics. Moscow: FLINTA.] (in Russian)

Asyqova, Z. (Ed.). (2013) Qazaq maqal-matelderi [Asyqova, Z. (2013) Kazakh proverbs. Almaty: Balasa.] (in Kazakh)

Baisydyq, I.B., Nurbaeva, A.M., Zhetibay, R.K. (2025) Orys zhane qazaq tilderindegi «qonaq / guest» konceptisining kognitivtik zhane lingvomadani parametrleri. Eurasian Journal of Philology, 2025 (3), 30–41-bb. [Baissydyk, I.B., Nurbaeva, A.M., Zhetibai, R.K. (2025) Cognitive and linguocultural parameters of the concept “guest / qonaq” in Russian and Kazakh languages. Eurasian Journal of Philology, (3). Pp.30–41.] <https://doi.org/10.26577/EJPh202519933> (in Kazakh)

Balabekova, Q., Otarbekova, Zh., Imankulova, M. Linguistic representation of the concepts “wealth” and “poverty”

in folktales. Tiltany. 2024;(2) Pp. 52-66. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-52-66> (in English)

Baqytzhanova, A.K., Shoqym, G.T., Burankulova, E.T. (2023) Turki intellektualdyq konceptosferasy zhujesindegi «aqyl» konceptisining genderlik sipaty [Bakytzhanova, A.K., Shokym, G.T., Burankulova, E.T. (2023) Gender features of the concept "mind" in the system of the Turkic intellectual conceptsphere], Philological Series, 71(4). <https://doi.org/10.48371/PHILS.2023.71.4.004> (in Kazakh)

Bibekov, Q. T., & Orazgalieva, L. M. (2025). Abaydyń tildik álemindegi "aqyldy" jáne "nadan" kontseptteri [The concepts "wise" and "ignorant" in Abai's linguistic world]. Torayghyrov University Bulletin. Philological Series, (2), Pp. 88-100. <https://doi.org/10.48081/OKPD9476> (in Kazakh)

Biermann, M., Schweiger, E., Jentsch, M. (2019) Improving voice user interfaces: Insights on user behavior, pain points and improvement opportunities for interaction and dialog design. In Lecture Notes in Informatics (LNI), Proceedings of the Gesellschaft für Informatik (GI). <https://doi.org/10.18420/muc2019-up-0253> (in English)

Chunyi, L., Pamies, A. (2020) Shedding some light on the metaphors of light: A Spanish–Chinese linguocultural contrast. Studies in Contrastive Linguistics. (in English)

Gafijatullina, N.R. (2012) Verbalizaciya binarnykh konceptov mudrost'/aqyl i glupost'/yülärlek v anglijskom i tatarskom jazykah [Gafiyatullina, N.R. (2012) Verbalization of the binary concepts wisdom/aqyl and stupidity/yülärlek in English and Tatar]. Candidate's thesis abstract. Kazan Federal University. <https://dspace.kpfu.ru/xmlui/bitstream/net/92799/-1/0-796322.pdf> (in Russian)

Ignatieva, N., Mokienko, V., Nikitina, T. (2025) East Slavic paremiological parallels: Biblical wisdom in figurative variation. Studia Slavica Academiae Scientiarum Hungaricae, 69(1). <https://doi.org/10.1556/060.2024.00148> (in English)

Isaeva, G.S. (2022) Qazaq alemining tildik bejnesindegi «aqyl» konceptisi: paremiologijalyq taldau. Tiltany. (2). 72–80-bb. [Isayeva, G.S. (2022) Concept "aqyl" in the Kazakh linguistic worldview: A paremiological analysis]. Tiltany. (2). Pp. 72–80.] (in Kazakh)

Kaşapoğlu, Ç.H. (2020) Advices on "mind" and "wisdom" in Turkish culture from Yûsuf of Balasagun to Abay of Semey. Milli Folklor, 16(128). Pp. 75–86. (in English)

Kazakh folk proverbs about wisdom. (2016, November 25). Bilimdiler portaly. <https://bilimdiler.kz>. (in Kazakh)

Kirillova, I.V. (2012) Lingvokul'turologicheskaja specifika kognitivnoj oppozicii "um–glupost'" v russkoj jazykovoj kartine mira. Doktorskaja dissertaciya. Nizhnij Novgorod. [Kirillova, I.V. (2012) Linguocultural feature of the cognitive opposition of the Russian language "mind – stupidity" in the picture of the world. Doctoral dissertation. Nizhny Novgorod, 2012.] (in Russian)

Lakoff, G., Johnson, M. (1980) Metaphors we live by. University of Chicago Press. (in English)

Maslova, V.A. (2001) Lingvokul'turologija: ucheb. posobie dlja stud. vysh. ucheb. zavedenij. Moskva: Izdatel'skij centr «Akademija», 2001. 208 s. ISBN 5-7695-0745-4. [Maslova, V.A. (2001) Linguoculturology: textbook. student's handbook. higher. studies. establ. Moscow: Publishing Center "Academy". 208 p. ISBN 5-7695-0745-4.]

Pavlov, S.G. (2013) Lingvoaksiologicheskaja model' cheloveka: Nauchno-metodicheskij aspekt. Vestnik Mininskogo universiteta, (2). S. 56–68. [Pavlov, S.G. (2013) Linguoaxiological model of Man: scientific and methodological aspect. Minin university bulletin. Pp. 56-68.] (in Russian)

Polishchuk, T.I. (2012) Koncept "glupost'" v jazykovoj kartine mira (na materiale russkogo i francuzskogo jazykov). Doktorskaja dissertaciya. Kaluga. [Polishchuk, T.I. (2012) The concept of "stupidity" in the linguistic picture of the world (based on Russian and French). Doctoral dissertation. Kaluga.] (in Russian)

Polishchuk, T.I. (2012) Koncept glupost' v jazykovoj kartine mira (na materiale russkogo i francuzskogo jazykov). <https://cheloveknauka.com/kontsept-glupost-v-yazykovoy-kartine-mira> [Polishchuk, T.I. (2012) The concept of "stupidity" in the linguistic picture of the world. Abstract. <https://cheloveknauka.com/kontsept-glupost-v-yazykovoy-kartine-mira> (in Russian)] (in Russian)

Qartzan, N.E., Isakova, S.S., Isakova, A.S., Altajbekova, K.T. (2022) Qazaq-agylshyn qijal-gazhajyp erteği diskursyndagy «aqyl/mind» konceptisining leksika-semantikalıyq reprezentacijasy. Philological Series, 67(4). [Kartzan, N.E., Issakova, S.S., Issakova, A.S., Altaibekova, K.T. Lexical and semantic representation of the concept of "mind/mind" in the Kazakh-English fantasy fairy tale discourse. Philology series. 67(4).] <https://doi.org/10.48371/PHILS.2022.67.4.007> (in Kazakh)

Ryspaeva, D.S. (2022) Jazykovaja reprezentacija koncepta «aqyl/um» v kartine mira kazahskogo naroda // Izvestija KazUMOIiMia imeni Abylai hana serija «Filologicheskie nauki». No. 1(64). Pp. 181–198. [Ryspayeva, D.S. Linguistic representation of the concept of "mind/UM" in the image of the world of the Kazakh people. Reports of abyлай Khan Kazguu. Philology series. No.1(64). Pp. 181-198.] <https://bulletin-philology.ablaikhan.kz>. (in Russian)

Salqynbaj, A.B., Nurbekov, T.B. (2024) Qazaq ertegilerindegi «zhaqsılyq» pen «zhamandyq» oppoziciyası // Jasauı universitetining habarshysy. No.1(131). 7–19-bb. <https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.01> [Salqynbai, A. B., Nurbekov, T.B. The opposition of "good" and "evil" in Kazakh fairy tales. Bulletin of Yassawi University. No.1 (131). Pp. 7-19.] <https://doi.org/10.47526/2024-1/2664-0686.01>. (in Kazakh)

Seliverstova, E.I. (2020) Similarity and national specificity of proverbial concepts across languages. Russian Journal of Linguistics, 11(2). Pp. 198–212. <https://doi.org/10.22363/2313-2299-2020-11-2-198-212> (in English)

Sozdikqor portaly. <https://sozdikqor.kz/>. Accessed 29 December 2025. (in Kazakh)

Sulejmenova, Je.D. (1989) Ponjatie smysla v sovremennoj lingvistike. Almaty: Mektep. [Suleimenova, E.D. (1989) The concept of meaning in modern linguistics. Almaty: Mektep.] (in Russian)

Uali, N.M. (2007) Qazaq soz madenietining teorijalyq negizderi. Doktorlyq diss. abstract. Almaty. [Uali, N.M. (2007) Theoretical foundations of Kazakh speech culture. Abstract of the doctoral dissertation. Almaty.] (in Kazakh)

Voloshina, S.V. (2020) Representation of the concept “bear” in dialect discourse. Vestnik Tomskogo Gosudarstvennogo Universiteta. Filologiya, (65/2). <https://doi.org/10.17223/19986645/65/2> (in English)

Zakirijajeva, G., Zhirenov, S., Imangazina, A. Dasturli qazaq madenietindegi tilding medijacijalyq qyzmeti. Tiltany. 2025;100(4): 81-92-bb. (In Kazakh) [Zakiriyayeva, G., Zhirenov, S., Imangazina, A. Mediation function of language in traditional Kazakh culture. Tiltany. 100(4). Pp. 81-92.] <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2025-4-81-92.> (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 21.04.2026.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.06.2026.

Интернетте қол жетімді / Доступно онлайн / Available online: 30.06.2026.

© Мырзатаева А.Р., Бибекков Қ.Т., Алган Е., 2026

